

Фонетика

Фонетиканың объектісі мен салалары.

Сабақтың жоспары:

1. Қазақ тілі фонетикасының негізгі міндеті мен мақсаты.
2. Фонетика ғылымының қалыптасуы.
3. Фонетиканың зерттеу салалары.
4. Қорытынды.

Әдебиеттер:

1. С.Мырзабеков «Қазіргі қазақ тілінің дыбыс жүйесі», Алматы 1999ж.
2. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі»(фонетика), Алматы 1995ж.
3. М.Серғалиев «Қазақ тілі», Алматы 1992 ж.

Фонетика (грекше phonetikos – дыбыстық) – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Фонетика – зерттейтін объектісі жағынан қарастыратын мәселесі жағынан да тіл білімінің басқа бөлімдерінен ерекшеленіп тұрады.

А.Байтұрсынұлы фонетиканы дыбыс жүйесі деп ойлаған. Әрине бұл екеуі синоним түрінде қолданылатынын ескеру керек. Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесетін, үндесіп, тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия т.б...

Сондықтан да фонетиканың тіл білімінде алатын орны үлкен. Фонетика тіл дыбыстарын және оның заңдылықтарын тексеруде белгілі бір тілдік теориялық қағидаларға сүйенеді.

Біз дыбыс дегенде әрбір қазақ тіліндегі дыбыстарды күрделі тұлға ретінде қарастырамыз. Сондықтан да фонетика тілдегі дыбыстарды фонемалық қасиетіне қарай сұрыптайды. Фонеманың басты

объектісі фонема теориясы болып табылады.

Фонема – күрделі дыбыс деген сөз. Сонда

фонема дегеніміз не?

Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны **фонема** деп атайды. Фонема туралы ғылым **фонология** деп аталады.

Фонетиканы зерттейтін салалары мыналар:

1. **Физиологиялық фонетика.** Бұл дыбыстың тіл дыбыстарының

артикуляциялық және акустикалық қасиеттерін зерттейді.

Артикуляция дыбыстардың жасалуын тексереді де, акустика дыбыстардың әунін қарастырады. Сөйтіп, физиологиялық фонетика дыбыстардың жасалуын және оның әуезі мен әуенін зерттейді.

2. **Экспериментальдық фонетика.** Физиологиялық фонетиканың объектісін

түрлі инструменттер арқалы тексереді. Мұны экспериментальдық фонетика дейді

Экспериментальдық фонетика дауысты және дауыссыз дыбыстардың

артикуляциялық ерекшеліктерін лаборатория жолымен түрлі аппараттар арқылы зерттейді. Екпінін, үндестік заңының түрін және олардың орфоэпиялық қасиеттерін түрлі лабораториялық жолмен инструменттер бойынша олардың өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты бақылау жасайды.

3. **Салыстырмалы фонетика.**

Белгілі бір тілдің дыбыс құрылыстарын өзге тілдердің дыбыс жүйесімен салыстырып зерттеуді салыстырмалы фонетика дейді.

4. **Тарихи фонетика.** Бір тілдің немесе алуан дыбыс құбылыстарының келіп

шығу және даму жолдарын тексеретін саланы тарихи фонетика деп жүргізеді.

5. Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінің фонетикасы ғылым ретінде өзінің

Тексеру сұрақтары:

- 1.Графика дегеніміз не?
- 2.Орфография туралы айтып беріңдер?
- 3.Орфоэпия туралы айтып беріңдер?

Тірек ұғымдар:

Графика – белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

Орфография – дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталуы бірдей келеді. Орфографияда қаралатын әрбір сөздің белгілі бір айтылу нормасы бар, яғни орфоэпия жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормаларды зерттейді. Бірыңғай дұрыс айту жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия (тура, дұрыс және сөйлеу деген грек тілінен алынған) деп аталады.

Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразалардың да дұрыс айтылуы қағидаларын қамтиды. Дыбыстардың бір-бірімен үндесіп айтылуы сөз ішіндегі дыбыстарға ғана емес, сонымен бірге сөздің аралығындағы сөздерге қатысты. Мысалы: сақ бол, әкеп бер, қара көз, бара алып едім, үлкен ғалым деген сөздердің тізбегі сөйлеу процесінде сақпол, әкеппер, қарагөз т.б. түрінде айтылады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша сөздердің аралығында қатар келген екі дыбысты дыбыстың алғашқы сөйлеуде түсіріліп айтылады. Мысалы: торы ала ат, бара аламады, келе алмады деген тізбектер торалат, баралмады, келалмады түрінде айтылады. Орфоэпияны қарастырғанда оның негізгі мәселесі екпінмен ұштасады. Екпін орфоэпиялық категория. Екпін тұрақты тілдерде екпін сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуына әсер етеді. Мысалы: Сарыарқа деген сөздің Сарарқа болып айтылады, бұл сөздің бірінші сыңарының дербес екпіннен айрылып қалып, сөғы сыңармен екпін жағынан бір топ болып айтылуына байланысты болады. Сондай-ақ торы ала ат сөзі торалат болып ықшамдалуы, оның сыңарының әрқайсысының дербес екпінге ие болу қажетінен айрылып, бір екпінге бағынып айтылуымен байланысты болады. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыруды мектеп, радио, телевизор, театр және киноның атқаратын ролі айрықша күшті. Сондықтан да орфоэпиялық қағидаларды үйренуде ірі және көрнекті дикторлардың сөздерін жиі тыңдау қажет.

зерттеу объектісіне қарай жалпы фонетика және жеке фонетика болып екі салаға бөлінеді. Жалпы фонетика тіл білімінің жеке бір саласы ретінде адамның сөйлеу аппаратының дыбыстық мүмкіндіктерін айқындайды.

Тіл дыбыстары классификациясының негізгі принциптерін белгілеп береді. Жалпы фонетика - ғылымының басқа салаларымен, акустикамен, физиологиямен және психологиямен тығыз байланысты.

Академик Щербаның айтқанындай : «Жалпы фонетиканы акустика, физиологиядан да басқаша, лингвистикалық айрықша пән ретінде бөліп қарау және оны тіл дыбыстарының, адамдардың тілдік қатынас жасау процесінде атқаратын қызметіне орай әлеуметтік ғылымдардың қатарында қарау керек» (М.В.Щерба. Таңдамалы шығармалары, Л.Г.У. 1958ж.).

Жеке фонетика белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Осы зерттеу негізінде сипаттама фонетика пайда болады.

6. Сипаттама фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады. Фонеманың жүйесін және олардың өзара ішкі байланысын белгілеп, айқындайды.

Тексеру сұрақтары :

1. Фонология нені зерттейді?
2. Фонема дегеніміз не?
3. Фонетиканың қандай зерттеу салалары бар?

Тірек ұғымдар :

Фонема (грекше: *phonema* – дыбыс) – сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын әрі қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица.

ДЫБЫСТАРДЫҢ АКУСТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ .

Сабақтың жоспары :

1. Дыбыстардың акустикалық ерекшеліктері жайлы.
2. Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері туралы.
3. Дыбыстау мүшелері жайлы.

4. Қорытынды.

Әдебиеттер:

1. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» (лекция мен фонетика). Алматы, 1995 ж.
2. К.Бейсенбаев «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы». Алматы, 1973ж.
3. С.Мырзабеков «Дыбыс жүйесі». Алматы, 1999ж.
4. С.Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы» Алматы, 1995ж.

Дыбыстың жасалуы. Дыбыс атаулының қандай болса да серпінді

(соғылмалы) заттың вибрациялық қимылынан пайда болады. Тілдегі дыбыстар да – күрделенген вибрациялық қимылдың нәтижесіннен өзінің ырғағы, күші, әуеніне қарай дыбыстар әр түрлі болады. Тілдегі дыбыстардың түрлерін, кейбір қасиеттерін: олардың ырғағы, күші, әуеніне қарай білуге болады.

Дыбыс ырғағы деп бір секунд ішіндегі дірілдің мөлшеріне байланысты

құбылысты айтады. Дірілдің саны неғұрлым көбейсе, дыбыстың ырғағы соғұрлым өсіп күшейе береді. Ал, дірілдің саны азайған сайын дыбыс ырғағы солғындап, әлсірей береді. Біз жоғарыда діріл түрліше болып келеді дедік. Діріл, өзінің қимылына қарай екіге ажыратылады: 1. Ритмикалық діріл. 2. Ритмикалық емес діріл. Сондай-ақ, дыбыстардың жасалуы үшін резонанс құбылады да (бұл сөз француз тілінің резонанс-жаңғырық деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин) айрықша қызмет атқарады.

Дыбыс күші бір секунд ішіндегі дірілдің қарқынымен байланысты. Неғұрлым діріл қарқыны (амплитудасы) көбейген сайын, соғұрлым дыбыс күші ұлғая түседі. Дыбыс күші, діріл амплитудасы көбейген сайын, дыбыс жіңішке (ащы) шығады да, керісінше, кеміген сайын дыбыс жуан (солғын) шығады. Дыбыс күшіне қарай тілдегі лепті (динамикалық) екпіннің сырын білуге болады.

ДЫБЫСТАУ МҮШЕЛЕРІ.

бұдан бұрын келген қиыншылықтардан біржола құтқарды. Сондай-ақ графика мен орфография (дұрыс және жазамын деген грек сөзінен алынған) өзара тығыс байланысты болады. Орфография дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді білдіреді. Орфография дұрыс жазудың нормасы мен қағидаларын белгілегенде тілдің әртүрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы принциптерге сүйенеді. Орфографияның негізінен мынадай принциптері бар:

1.Фонетикалық принцип.

Фонетикалық принцип бойынша әрбір фонема қай позицияда келуіне қарамастан өзінебекітілген тұрақты таңба бір ғана әріппен белгіленеді.

Фонетикалық принцип сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазылуын басшылыққа алады. Мысалы: жаздыгүні, қыстыгүні, ашудас дегенде сөздердің айтылуынша жазылуы фонетикалық принцип нәтижесі.

2.Дәстүрлік принцип.

Дәстүрлік принцип этимологиялық принциппен төркіндес соған ұқсас принцип болып табылады. Орфографияның бұл принципі тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де сөздің ертеректегі айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Мысалы:дәстүр сөзі дәстір, мазмұн сөзі мазмұн түрінде айтылғанымен бұлар орнығып кетуіне байланысты жазылуын дәстүрлік принципке жатқызамыз.

3.Морфологиялық принцип.

Морфологиялық принцип бойынша жазу сөздердің айтылуына емес сөздердің түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. Морфологиялық принцип сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы:

Басшы	башшы
Ұшсын	ұшшын
Сәнқой	сәнқой

Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін ең қолайлы принциптерден саналады. Өйткені түркі

Графиканың негізгі зерттейтін мәселесі тілдің алфавитіндегі әріптердің құрамы болып табылады. Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба әріптермен бөлінеді. Сөз құрамында айтылатын тіл дыбыстарының жазба тілде қағаз бетіне түсіп жазылуы және оған орай оқылу үшін олардың белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесіп белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

Графикалық қағида бойынша әртүрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, олардың әрқайсысының өзіне телінген таңбасы болуы қажет.

Графика белгілі бір фонеманың белгілі бір таңбасы болсын деген қағиданы қолдайды. Алфавиттің қазақ тілі тарихында өз алдына эволюциясы бар.

Жиырмамыншы жылдарға дейін қазақ алфавиті араб графикасына негізделген алфавит болады. Бірақ араб алфавитінде ұқсас әріптердің көп болуы және ондай әріптердің бірінен екіншісі қосалқы белгілер арқылы ғана ажратылуы сияқты таңбалар қиындыққа келтірді. Қазақ халқы 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдады. Латын алфавитінің сауат ашыуда болсын, баспа ісінде болсын араб жазуы негізіндегі алфавитке қарағанда әлдеқайда прогрестік маңызы болды. Бұл алфавиттің құрамында 29 әріп бар еді. Біздің елімізде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар орыс графикасына негізделген алфавитке көшуді 39-шы жылдардың аяғы, 40-шы жылдардың басында жаңа алфавитке көше бастады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті 1940 жылы қабылдады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген алфавитті дұрыс түсінді.

Орыс алфавитіндегі 32 әріп түгелдей қабылданып, оған қоса орыс тілінде жоқ дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды да, әріп саны 41-ге жетті. Орыс тілінде жоқ дыбыстың қазақша таңбалары: **қ, ғ, ө, ө, ұ, ү, і, .**

Орыс алфавитіндегі әріптерге мысалы: **о, к, г, у, н** сияқты әріптерге ұқсас болу жайы ескерілді.

Орыс графикасына негізделген жаңа алфавит

(Сөйлеу аппараттары)

Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның шығуынан жасалады. Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы сөйлеу аппараты деп аталады (аппарат- мүше деген сөз). Қазақ тіліндегі дыбыстау мүшелері, негізінен мыналар: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, таңдай, ерін, тіс т.б.

Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың бойына орналасқан. Дыбыстау мүшелері дыбыс шығару қасиеттеріне қарай негізінен үш топқа бөлінеді :

1. Тыныс мүшелері.
2. Тамақ мүшелері.
3. Қуыс мүшелері.

Тыныс мүшелері .

Тыныс мүшелерінің бастысы - өкпе. Өкпе қолқамен ұштасады. Қолқа екі тарамданып, жоғары жақтан кеңірдекпен жалғасады. Өкпе көрік секілді. Бірде ауаны сыртқа жібереді, яғни экспирация жасалады. Ал бірде ауаны ішке тебеді, яғни инспирация жасалады. Ауаның кеудеге енуі өкпенің аясын кеңейтеді, ол ауаның кеудеден шығуы өкпенің аясын тарылтады. Тілдегі дыбыстар өкпедегі ауаның сыртқа шығуымен байланысты жасалады.

Тамақ мүшелері.

Тамақ мүшелерінің бастысы – дауыс шымылдығы. Тамақ – кеңірдектің кеңейген жоғары тұсы. Тамақтың сырт жағында жұтқыншақ, ал іш жағынан дауыс шымылдығы болады. Кеңірдектің арт жағында өңеш болады. Тамақ пен кеңірдек – ауа, дыбыс жүретін жол. Өңеш – тамақ жүретін жол. Тамақтың іш жағында қабаттасып жатқан екі пар бүршіктің сыртқы екеуі жалған дауыс шымылдығы болса, ал астыңғы екеуі нағыз дауыс шымылдығы болып табылады. Дауыс шымылдығының арасы дауыс түтігі деп аталады. Дауыс шымылдығы ауаға тосқауыл жасайды. Ол кейде керіліп, кейде жиырылып тұрады. Дауыс шымылдығы керіліп тұрса,

діріл пайда болады. Сөйтіп, онда үн болмайды, үн де шықпайды. Үнділерді айтқанда дауыс шымылдығы жиірек дірілдейді. Ал, ұяңдарды айтқанда сирегірек. Қатаңда діріл болмайды.

Қуыс мүшелері.

Қуыс мүшелері қызметіне қарай үш топқа бөлінеді:

1. Тамақ қуысы.
2. Ауыз қуысы.
3. Мұрын қуысы.

Тамақ қуысы жоғарыда айтқандай тамақтың жоғары жағында, ауыз қуысының арт жағында болады. Тамақ қуысының жиырылуынан салдыр пайда болады. Тамақ қуысы дауыстылардың әуенін жасауға қатысады. Ауыз, мұрын қуысы да дыбыстарға жаңғырық қосып, резонаторлық қызмет атқарады.

Ауыз қуысындағы мүшелер : бұл мүшенің бастысы – тіл. Тіл өте жылжымалы келеді. Ауыз қуысындағы өзге мүшелерге қақтығысып ілгері – кейін жүйткіп отырады. Тіл қимылы арқылы жуан, жіңішке дауысты дыбыстар жасалады. Тіл мен тістің қимылы арқылы т,д дыбыстары жасалады. М ы с а л ы : **қ, ғ, к, г** сияқты тіл арты дыбыстары жасалады. Ауыз қуысындағы мүшелердің бірі – ерін. Дыбыстарды шығаруда үстіңгі еріннен гөрі астыңғы еріннің қызметі мол. Ерін қызметі арқылы еріндік дауыстылар жасалады. М ы с а л ы : **о, ө, ұ, ү, у**. Сондай-ақ дауыссыз дыбыстар да жасалады. М ы с а л ы : **б, м, п**. Ауыз қуысындағы тағы бір мүшенің бірі – таңдай. Дыбыстардың жасалу орнына қарай бұл мүше үш топқа бөлінеді: 1. Алғы таңдай. 2. Орта таңдай. 3. Артқы таңдай.

Алғы таңдай.

Үстіңгі күрек тіс тұрған қызыл иекпен (альвеолмен) ұштасады. Дауыссыздар альвеол арқылы көп жасалады.

Артқы таңдай кішкене тілмен жалғасады. Кішкене тілдің екі түрлі қызметі бар: 1. Кішкене тіл ауыз жолын бөгейді. Мұнда іштен шыққан ауа мұрын жолы арқылы

тіркестері аралығында, алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа, кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа, әсер етуінен тоғысып жатады. Сөз сыңарлары аралығында келетін дыбыстар біріне-бірі ілгерілі-кейінді әсер етіп, алдыңғы дыбыс кейінгі дыбысқа әсерін тигізіп, соңғы дыбыстың сапасын өзгертеді де, ал соңғы өзгерген дыбыс өзінен бұрығы дыбысқа әсерін тигізеді. Мысалы:

Жазылуы

Қазанқап

айтылуы

Қазанғап.

Сондай-ақ мына біріккен сөздерді де бақылауға болады.

Досжан

Дошшан

Есжан

Ешшан

Сөз тіркестері аралығында да байқалады: тас жол – таш жол т.б.

Тексеру сұрақтары:

1. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?
2. Тоғыспалы ықпал қалай жасалады?
3. Прогрессивтік ассимиляция дегеніміз не?

Тірек ұғым:

Ассимиляция – дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып табылады.

ГРАФИКА, ОРФОГРАФИЯ, ОРФОЭПИЯ.

Сабақтың жоспары:

1. Графика жайлы түсінік.
2. Орфография туралы түсінік.
3. Орфоэпия жайлы түсінік.
4. Қорытынды.

Әдебиеттер:

1. Мырзабеков С. Дыбыс жүйесі. Алматы, 1999.
2. Кеңесбаев І. Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (лексика мен фонетика) Алматы, 1995.
3. Қ.Неталиев. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. 1997.

Қазақ тілінде графика, орфография және орфоэпия мәселелері аз зерттелген. Соның күрделісі -- графика.

дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы	айтылуы
Жанғали	Жаңғали
Жанпейіс	Жампейіс.

Сөз тіркесі аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Мұның мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Қатар айтылған екі сөздің біріншісі қ, к, п дыбыстарының біріне бітіп, екінші сөз я дауыссыз, я үнді, я ұяң дауыссыз дыбыстан басталса бірінші сөздің соңындағы қ, к, п дыбыстары өзгеріп ғ, г, б дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы	айтылуы
Көк жиек	көгжиек
Шолақ еді	Шолағ еді
Шөп әкелді	Шоб әкелді.

2.Қатар айтылған екі сөздің біріншісі з, с дыбыстарының біріне аяқталып, келесі сөз ш, с, ж дыбыстарынан басталса, бұл дыбыстардың әсерінен бірінші сөздің соңындағы з, с дыбыстары өзгеріп ш, с, ж дауыссыз дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы	айтылуы
Боз жорға	Бож жорға
Тас шаптың ба?	Таш шаптың ба?

3.Қатар айтылған бірнеше сөздердің біріншісінің соңғы дыбысы екіншісінің бақы дыбысы дауысты болып келсе, алғашқы сөздің соңындағы дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мысалы:

жазылуы	айтылуы
торы ала ат	торалат
кісі асына сабыр	кісасына сабыр.

Тоғыспалы ықпалы.

Сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың біріне-бірі әсер етуінен туатын дыбыстық өзгерістерді тоғыспалы ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сыңарлары аралығында, сөз

өтеді, яғни м, н, ң дауыссыздары жасалады. Іштен шыққан ауаны фонациялық ауа деп атайды.

2. Кішкене тіл мұрын жолын бөгейді. Онда фонациялық ауа ауыз жолы арқылы өтеді. Ауыз қуысы бірде тартылып, бірде керіліп тұрады. Мұндай кезде иектің қызметі мол. Иекпен ұласып жатқан мүше – тіл. Ол кейде төмен түседі. Онда ауыз мол ашылады. Ал, иек жоғары көтерілсе, ауыз тар ашылады. Тіліміздегі дауыстылар ауыздың кең және тар ашылуына байланысты ашық және қысаң дауыстылар болып екіге бөлінеді. Мұрын қуысы арқылы көбінесе үнді дауыссыздар жасалады. Үнді дауыссыздардың жасалу орны ауыз қуысы боланмен фонациялық ауа мұрыннан шыққандықтан оларды мұрын жолды үнділер дейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметі кейде актив, кейде пассив болады. Актив мүшелер жылжымалы келеді. Ал пассив мүшелер онша көп әрекет жасамайды. Тіліміздегі дыбыстардың көбі актив мүшелердің қимылынан пайда болады.

ДЫБЫСТАРДЫҢ АРТИКУЛИЯЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Дауыстылар мен дауыссыздардың айырмашылығы.

Тіл – тілдегі дыбыстар акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай негізінен екі топқа бөлінеді : 1. Дауысты дыбыстар (вокализм). 2. Дауыссыз дыбыстар (консонантизм).

Дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастырудың тіл білімінде ұзақ, тарихи жолы бар. Тілдегі дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастыруға негіз болатын тірек, олардың акустикалық және физиологиялық жақтары. Дыбыстарды акустикалық тұрғыдан қарағанда дауыстылар мен дауыссыздарды бір-бірінен ажырату музыкальды үн, тон мен салдырға негізделеді. Дауыстыларда үн басым болады да , дауыссыздарда салдыр басым болады. Салдырдың элементтері дауыссыздарда мүлде жоқ деуге болмайды. Кей дауыссыздарда яғни Уяң дауыссыздарда музыкальды үн (тон) бар. Акустикалық тұрғыдан

қарағанда сонар дыбыстарда мәселен: л, р дыбыстарын дауыссыздар қатарына жатқызуға негіз аз. Себебі сонар дыбыстарда салдыра қарағанда Цн басым. Сондықтан да бұлар аралық дыбыстар деп аталады. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың мына тәрізді физиологиялық ерекшеліктері бар: 1. Дауысты дыбыстарды айтқанда фонациялық ауа кедергіге ұшырамай, тосқауылсыз, еркғады.

2. Дауысты дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелеріне күш түспей, оның қалпы жайдары болады.

3. Дауысты дыбыстарды айтқанда фонациялық ауа баяу, лепсіз шығады.

Дауысты дыбыстардың құрамы.

Қазіргі қазақ тілінде тоғыз (9) жалаң дауысты дыбыстар (монофтонг) бар.

Олар мыналар : **а, о, ө, е, ө, ы, і, ұ, ү**. Сондай-ақ екі қосынды дауыстылар да бар (дифтонг). Олар мыналар : **и және у** дыбыстары. Дауысты дыбыстардың халықаралық термині вокализм деп жүргізіледі. Қазіргі қазақ тілінде дауысты дыбыстар еріннің қызметіне қарай екіге бөлінеді :

1. Еріндік дауысты дыбыстар : **о, ө, ұ, ү, у**.

2. Езулік дауысты дыбыстар : **а, ө, е, ы, і, (и, э)**.

Езулік дауысты дыбыстарға қосарлы и дыбысы да кіреді. Сондай-ақ орыс

тіліндегі э дыбысы да енеді. Дауысты дыбыстардың былай бөлінуі еріннің артикуляциялық ерекшелігіне байланысты болады. Дауысты дыбыстар еріннің қызметіне қарай бөлінгенде, оның мынадай екі түрлі ерекшелігі ескеріледі:

1. Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін алға қарай сүйірленеді.

2. Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін дөңгеленіп бітеді. Осы екі

артикуляциялық қызметінің нәтижесінде **о, ө, ұ, ү, у** дыбыстары жасалады.

түрі бар:

1. Түбір мен қосымша аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

2. Біріккен сөз сыңарлары аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

3. Сөз тіркестері аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы, кейінді ықпалдың мынадай өзіндік

белгілері бар.

1.Түбір сөз қатаң **қ, к, п** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, түбірдің соңындағы қатаң **қ, к, п** дыбыстары өзгеріп ұяң **ғ, г, б** дыбыстарына айналады.

2.Етістіктің түбірі қатаң **п** дыбысына аяқталып, оған көсемшенің **-ып, -іп** жұрнағы жалғанса, түбірдің аяғындағы қатаң **п** дауыссыз дыбысы үнді **у** дауыссыз дыбысына айналады. Мысалы: шап-шауып, сеп-сеуіп т.б.

3.Түбір сөз **н** дыбысына аяқталып, оған **ғ, г, б** дауыссыз дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанса, түбірдің соңындағы **н** дыбысы өзгеріліп **ң** немесе **м** дыбысының біріне айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы

Бұрынғы

Жанға

Дүйсенбі

айтылуы

бұрыңғы

жаңға

дүйсембі

4.Түбір сөз **с, з** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, қосымша **ш, с** дауыссыз дыбысынан басталса **с** дыбысы өзгеріп **ш** дыбысына, **з** дыбысы өзгеріп **с** немесе **ш** дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы

Бозжанов

Оразжан

айтылуы

Божжанов

Оражжан

5.Біріккен сөздердің бірінші сыңары **н** дыбысына бітіп, екінші сыңары **б, п, қ, ғ, г** дыбыстарының бірінен басталса бірінші сөздің соңындағы **н** дыбысы **м** немесе **ң**

жазылуы

Жүсіпбек

Кеңесбек

айтылуы

Жүсіппек

Кеңеспек

2. Біріккен сөздің бірінші сыңары не ұяң сонар дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары қатаң дыбыстан басталатын болса, екінші сыңарының басындағы қатаң дауыссыз дыбыс ұяңға айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы

Жиенқұл

Көзқарас

айтылуы

Жиенғұл

Көзғарас.

СӨЗ ТІРКЕСІ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ПРОГРЕССИВТІК АССИМИЛИЯЦИЯ.

Бұл тақырыптың мынадай өзіндік белгілері бар:

1. Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі қатаң дауыссыз дыбысқа аяқталып, екінші сыңары ұяң дыбыстан басталса алдыңғы қатаң дыбыстың әсерінен келесі сөздің басындағы ұяң дауыссыз дыбысы айтылуда қатаңға айналады. Мысалы:

жазылуы

алып бар

тоқ бала

айтылуы

алып пар

тоқ пала

2. Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі дауысты дыбысқа немесе сонар, не ұяң дауыссыз дыбыстың біріне аяқталып келесі сыңардың басқа дыбысы қатаң к, қ дыбыстарының бірі болса, айтылуда екінші сөздің басындағы қатаң к, қ дауыссыз дыбыстары ұяң г, ғ дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

Жазылуы :

Қара қағаз

Боз көйлек

Айтылуы:

қара ғағаз,

боз гөйлек.

Регрессивтік ассимиляция.

Түбір сөз бен қосымшаның, біріккен сөздің және сөз тіркестерінің аралығындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрыңғы дыбысқа артикуляциялық жағынан әсер етуін регрессивтік ассимиляция дейді.

Қазақ тілінде регрессивтік ассимиляцияның үш

Езулік дауысты дыбыстарды айтқанда езудің мына сияқты артикуляциялық

қызметі айқындалады. Езулік дауысты дыбыстарды айтқанда ерін кейін тартылады, езулік дауысты дыбыстарды айтқанда езу жиырылады. Соның нәжесінде мынадай езулік дауыстылар жасалады : **а, ө, ы, і, е, (э) и**. Біз жоғарыда дыбыстау мүшелерінің қимылына қарай дауысты дыбыстар үш топқа бөлінеді дедік : 1. Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай бөлінеді. 2. Дауысты дыбыстар иектің (жақтың) қатысына қарай бөлінеді. 3. Дауысты дыбыстар тілдің қалпына қарай бөлінеді. Дауысты дыбыстар тілдің қалпына қарай жуан (гуттураль) және жіңішке (платоль) болып бөлінеді. Жуан дауыстыларға : **а, о, ы, ұ, (у)** дыбыстары жатады. Жіңішке дауыстыларға **ө, ө, і, ү, е, (э), (у)** дыбыстары жатады.

Тілдің арты таңдайға қарай жиырылып, бүктеліп жатуынан жуан дауыстылар жасалады. Ал, тілдің таңдайдың алдыңғы жағына жуықтай айтылуынан жіңішке дауыстылар жасалады. Біз жоғарыда жақтың ашылуына байланысты дауыстылар екіге бөлінеді дедік. Жақтың ашылуына қарай ашық және қысаң дауыстылар болып екіге ажыратылады. Ашық дауыстыларға : **а, ө, о, ө, е (э)** дыбыстары кіреді де, қысаң дауыстыларға **ы, і, у, ұ, у, и** дыбыстары кіреді. Ашық дауыстылар жақтың кең ашылып, иектің төмен түсуінен жасалады. Ал, қысаң дауыстылар жақтың тар ашылуынан жасалады. Сондай-ақ дауыстылардың аралық белгілері де бар.

Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың аралығындағы дыбыстар **о, ө, ы** дыбыстары. Дауысты дыбыстардың көбі ашық дауысты мен қысаң дауысты дыбыстардың арасынан орын алады. Бұл сияқты аралық дыбыстар не ашық, не қысаң дауысты дыбысқа бейімделуіне қарай 2 топтың біріне шартты түрде телінеді. Дауысты дыбыстардың еріннің қатысына қарай бөлінуі **еріндік дауысты дыбыстар**.

Еріндік дауысты дыбыстарға о фонемасы жатады.

О фонемасы еріннің дөңгеленуі арқылы айтылатындықтан ерін дауыстысы деп жүргізіледі. Бұл фонеманы айтқанда иек а-ны айтқаннан гөрі жоғарырақ көтеріледі де, ы-ны айтқандағыдан гөрі төменірек түсіп, ауыз кең ашылып тұрады. Ауыз ашылу қалпы жағынан ерінге жуық айтылады да, біраз тіл кейін жиырылып тұрғандықтан о жуан дауысты болып айтылады. О фонемасы қазақ сөздерінің соңында кездеспейді, сөз басында, ортасында ұшырайды. Мысалы : орақ, отан, қол, сол, Шолпан, қолқанат т.б.. Бірақ интернационалдық сөздердің қай буынында болса да келе береді, сөз соңында ұшырайды. Мысалы : кино, пальто, Бюро т.б. О фонемасының жіңішке сыңары ө фонемасы. О-ның жіңішке сыңарын корреляция деп атайды, о фонемасы тілдің ілгері жылжып жатуынан пайда болады. Ал ерін мен иек артикуляциясы жағынан о мен ө біркелкі жасалады. Яғни қос еріннің алға қарай сүйірленіп, дөңгеленуінен жасалады. Ө фонемасының жіңішкелігі е тәрізді болып келеді. Ө фонемасы сөздің бас буынында, ортасында келе береді де, ал соңында қазақ сөздерінде де кездеспейді. Мысалы : өрік, өлке, өнер, төс. Ө фонемасы өзінен кейін келген е фонемасының айтылуында ө-ге ұқсата жымдасады. **Мысалы:** өте сөзі өте түрінде айтылады: төте-төте ,көсем-көсөм, күрек сөзі күрек түрінде айтылады т.б. Ерін дауыстыларының тағы бір түрі-ұ фонемасы. Ұ фонемасы да ерін фонемасының қатарына кіреді. Бұл фонеманы айтқанда ерін фонемасының айтқаннан гөрі сәл сүйірленіп тұрады. Бірақ тіл артикуляциясы жағынан о фонемасынан айырмасы жоқ. Бұл да жуан дауыстыларға жатады. Акустикалық жақтан қысаң дауысты дыбыс. Себебі жақтың болар-болмас ашылуы арқылы жасалады. Сондай-ақ иектің жоғары көтерілуінен, ауыздың тар ашылуынан пайда болады. Қазақ сөздерінің бас буынында, ортасында келе береді. Соңында ешқашан кездеспейді. Мысалы: ұ мен ұрық, құлын, жұлын т.б. Ұ фонемасы сөз ішінде екінші буында келгенде тетелес тұрған ұ фонемасының ықпалымен ы

1.Түбір мен қосымшы аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

2.Біріккен сөз сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

3.Сөз тіркесі сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымшы аралығындағы ілгерінді ықпал қазақ тілінде жиі кездеседі. Түбір мен қосымшы аралығындағы алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа тигізетін әсерін түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығындағы, ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Сөздің соңғы дыбысы ұяң не сонар дауыссыз дыбыс болса, оған жалғанатын қосымшаның басты дауыссыз дыбысы да ұяң немесе сонар дыбыс болады. Мысалы: аң-дар, мал-ға, аң-ға, мал-мен, аң-нан.

2.Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, оған дауыссыз дыбыстан жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да қатаң болады. Мысалы: кітап-тар,кітап-қа, орақ-тар, орақ-қа.

3.Түбір сөз қатаң ш дыбысына аяқталып, оған жалғанатын қосымша с дыбысынан басталса, айтылуда қосымшаның басындағы қатаң с дыбысы қатаң ш дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

жазылуы	айтылуы
қашса	қашша
ашса	ашша
ұшса	ұшша
шашсыз	шашшыз

Біріккен сөз сыңарларының арасындағы прогрессивтік ассимиляция.

Біріккен сөз сыңарларының аралығындағы ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Біріккен сөздің бірінші сыңары қатаң дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары б дыбысынан басталса, айтылуда бірінші сөздің соңындағы қатаң дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұяң б дыбысы қатаң п дыбысына айналып естіледі:

(ассимиляция) дейді.

Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі буын ішіндегі дыбыстардың артикуляциялық жақтан бір-біріне бейімделуіне қарай, негізінен, екі түрде кездеседі.

1.Толық түрде кездесетін ассимиляция.

2.Жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция.

Толық түрде кездесетін ассимиляция деп бір дыбыс дәл өзіндей етіп еліктіруін айтады. Мысалы:

Айтылуы:

Жасса

Сүссе

Жұмысшы

Сөзшең

жазылуы:

Жазса

Сүзсе

Жұмысшы

Сөзшең

Ал жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция деп бір дыбыстың екінші бір дыбысқа дәл өзіндей етіп еліктірмей бір жақты дауыс қатысына қарай айтады. Мысалы: қағазға, тасқа. Осындағы түбірдің соңғы ұяң з дыбысының әуенімен қосымшының да басты дыбысы ұяңға айналып тұр. Түбір мен қосымшымның біріккен сөздердің және көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ілгерілі-кейінді әсер етіп өзгеруін ықпал заңы дейді. Дауыссыз дыбыстардың біріне-бірі тигізген әсерінен туатын ықпал заңы қазақ тілінде негізінен, үш топқа бөлінеді:

1. Ілгерінді ықпал (прогрессив ассимиляция)

2. Кейінді ықпал (регрессив ассимиляция)

3. Тоғыспалы ықпал.

Тіл ғылымында ілгерінді ықпалды прогрессивтік ассимиляция, кейінді ықпалды регрессив ассимиляция деп атайды.

Прогрессивтік ассимиляция.

Дыбыстар өзгерісінде прогрессивтік ассимиляцияның мәні үлкен. Прогрессивтік ассимиляция деп бір сөз көлемінде немесе бірнеше сөз аралығында алғашқы дыбыстардың кейінгі дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал жасауын айтады. Қазақ тілінде сөз ішінде кездесетін ілгерінді ықпалдың мынадай үш түрі бар:

дыбысы айтылуында ұ болып естіледі. Мысалы: Құлын-құлұн, құлық-құлұқ т.б. Ерін дауыстылардың таы бір тұрі - у фонемасы. У фонемасы ұ фонемасының жіңішке түрі (корреляциясы). Бұл у фонемасы да қос еріннің алға қарай дөңгелене барып, сүйірленуі арқылы жасалады. Осы у фонемасы сөздің басында, ортасында кездеседі де, сөз аяғында ұшырмайды. Мысалы: үкі, үміт, үкімет, түзім, жүзік т.б. У-фонемасы өзінен кейін келген езулік дауысты дыбысты нақ өзіндей еліктіреді. Мысалы: жүзік сөзі айтылуда жүзүк түрінде айтылады.

Езу дауыстылары

Жоғырыда айтқандай езу дауысты дыбыстарды айтқанда езудің қимылы ерекше болады. Осы езу дауыстыларына а фонемасы жатады. Бұл а фонемасы дауыстылардың ішіндегі мейліңше ашық айтылатын дыбыс болып табылады. Осындаға а фонемасы иектің төмен түсуі арқалы дыбысталады. Жасалау орны жағынан тілдің кейін жиырылуынан пайда болады. Бұл дауысты дыбысты айтқанда ерінің сүйірленбей, керісінше тартылуы арқалы дыбысталғандықтан езу дыбысы деп аталады. Осы а фонемасы қазақ сөздерінің барлық ішінде (позициясында) яғни басында, ортасында , аяғында келе береді. Мысалы : ана, дала, қала т.б. Сондай-ақ а фонемасы көп буынды сөздегі біркелкі келген а фонемасы екінші буында күңгірттеу естіледі. Мысалы: балалар, шағалар . Осы сөздердің екінші буынындағы а өзге буындағы а дыбысына қарағанда күңгірттеу естіліп тұр. Бұл фонема түбір тұлғалы сөзде де, туынды тұлғалы сөзде де кездесе береді. Мысалы: қала, бала, қалалар. Мұнда көптік жалғауында кездесіп тұр. Сондай-ақ а фонемасы септік жалғауында да кездеседі. Мысалы: қалаға, далаға, қолына барыс септігінде , жатыс септігінде қалада, қалаңнан. Қазақ тіліндегі негізгі морфемада, яғни түбір сөзде а фонемасы кейде ә дыбысымен ауысып отырады. Мұндайда ол фонемалық қасиетке ие болады. Мысалы: мына сөздерді салыстырып қараңдар: ал-әл, сат-сәт т.б. а фонемасы қосымшаларда да е фонемасымен ауысып

отырады. Мысалы: колхоздар, сөздер, тауа-үйге, тауда-үйде.

Ә фонемасы, бұл а фонемасының жіңішке сыңары. Бұл а-дан жасалу жағынан ажыралады. Мысалы: а фонемасы тілдің кейін жиырылуы арқылы жасалса, ә фонемасы тілдің ілгері созылуы арқылы айтылады. Ә фонемасы қазақ тілінде сирек кездеседі. Көбінесе сөздің бас буынында ұшырайды. Мысалы: әскер, әсем. Ә фонемасы ш, ж, й дыбыстарымен тетелес ә дыбысына айналып айтылады. Мысалы: жай-жәй, шай-шәй.

Езу дауыстылардың тағы бір түрі –е (э) фонемалары. Е фонемасы ауыздың орта шамамен ашылуынан, яғни тіл мен иектің шамалы төмен түсуінен пайда болады. Бұл фонема өзінің жіңішкелігі жағынан ә-ге жуық айтылады. Басқаша айтқанда тілдің алға қарай созылуы арылы айтылады. Еріннің сүйірленбей, дөңгеленбей тартылуы арқылы айтылғандықтан е фонемасы езу дыбысы деп жүргізіледі.

Грамматикалық тұлғада е фонемасы, а фонемасына комбинаторлық түрде ауысып отырады :

- а фонемасы : қалалар,
- е фонемасы : кемелер,
- а фонемасы : ауылға,
- е фонемасы : көлге,
- а фонемасы : қалада,
- е фонемасы : көлде.

Сондай-ақ бұл фонема сөздің барлық буынында кездесетіп отырады. Е фонемасы түбір сөзде де, қосымшаларда да кездесе береді. Мысалы : кеме, кемеге, кемелер, бұл фонема жұрнақтарда да кездеседі. Мысалы: сөзшең, сүзеген, көрпеше.

Сондай-ақ бұл фонема жалғауларда да ұшырайды, көптік жалғауында кездеседі. Мысалы : сөздер, етіктер т.б.

Езу дауыстылардың тағы бір түрі – ы фонемасы. Бұл фонема тіл мен иектің жоғары көтерілу қалпынан жасалады. Ауыз қуысының тарлау ашылып барып

Бұл дыбыстар өзгерісінің негізгі дені дыбыстау мүшелерінің қызметіне, яғни артикуляциясына байланысты болады. Осы дыбыстар өзгерісінің екі түрі мыналар:

1.Комбинаторлық өзгерістер.

Комбинаторлық өзгерістер көршілес дыбыстардың біріне-бірі тигізген ықпалына байланысты болады. Белгілі бір дыбыстың екінші бір дыбысқа алмасуы да, кейде дыбыстың түсіп қалуы да немесе тыңнан белгілі бір дыбыстың пайда болуы да сөздегі өзге дыбыстардың әуенімен байланысты болады. Мысалы: Ол ауылға кетті. Ол қызметке кетті –деген сөйлемдерді алайық. Мысалы ауылға дегеннің қосымшасы –ға, өзінен бұрынғы тетелес буынмен үйлесіп тұр.

Ал, қызметке дегенде –ке қосымшасы өзінен бұрынғы буынмен үндесіп тұр. Осы комбинаторлық өзгерістерде бір дыбыс екінші дыбысқа тәуелді болып тұрады. Яғни бір дыбыс екінші бір дыбысқа игеріліп тұрады. Осындай игерулі өзгерістерді комбинаторлық өзгеріске жатқызуға болады. Комбинаторлық өзгерістерді игерулі өзгерістер дейді. Дыбыстар үндесуінің сингармонизм құбылысы да, ассимиляция құбылысы да комбинаторлық өзгерістерге жатады.

2.Спонтандық өзгерістер.

Спонтандық өзгерістерде көршілес дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалы болмайды. Ал, мұнда дыбыс өзгерісі өзге дыбыстардың ықпалына өздігінен құбылып тұрады. Мысалы: Шелек сөзін кейбір жергілікті жерлерде челек деп айтады. Осы жердегі дыбыстың құбылысы бірде ш, бірде ч болып өзгереді. Міне, осындай өзгеруді спонтандық өзгерістер дейді. Қазақ тілінде спонтандық өзгерістерді игерусіз өзгерістер деп атайды.

Дыбыс үндестігі (Ассимиляция).

Ассимиляция дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып табылады. **Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сыңарлары жігінде және сөз тіркесі сыңарларының аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерін дыбыс үндестігі**

күн-күнді.

Қазіргі қазақ тілінде сингармонизм үндестігі көбінесе түбірдің жуан, жіңішке болуына байланысты үндеседі. Ал, сирек кездесетін, буын үндестігіне бағынбайтын орындар да ұшырайды. Мұндай үндесулерге мына төмендегілер кіреді:

1. Көмекші септік жалғауының **-мен, -бен, -пен** қосымшалары сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да сол қалпында жалғанады. Мысалы: сиямен жаздым, атпен келдім, отпен ойнама, ағашты арамен кесті. Сен Үмбетпен кездестің бе? Соңғы сөйлемде ғана сөздің жіңішке болуына байланысты **-пен** жалғауы қосылып тұр.

2. Меншіктік ұғым беретін **-нікі, -дікі, -тікі** құрамдас қосымшалар да, буын үндестігіне бағынбай, сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да осы күйінде жалғанады. Мысалы: Арба Асандікі.

3. **-паз, -қор, -қой, -ғой, -кер, -кеш, -хана, -ист, -изм** жұрнақтары да сөздің соңғы буынының қандай болғанына қарамай, сол күйінде жалғанады. Мысалы: өнерпаз, бейнетқор, әзілқой т.б.

4. **Х** әрпіне біткен сөздерге қосымшалар әрқашан да жуан түрде жалғанады. Мысалы: цехтың, тарихқа т.б.

5. **-рк, -нк, -ке, -кт** дыбыстар тіркесіне біткен орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: парктен танкті т.б.

6. **-ль** әріптер тіркесіне біткен бір буынды орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: рольді, рольсіз, рольден т.б.

Қазақ тілінде өзге түркі тілдеріндегі сияқты еріндік дауысты дыбыстар үндестігі жоқ, ал қосымшаларда ерін мен езу үндестігі араласа келіп те қалады. Мысалы: орақтардың, орындар, күндізгі сияқты сөздер айтылуда ерін және езу үндестігі бойынша жұмсалады. Жоғарыда біз дауысты дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалын сингармонизм үндестігі десек, ал дауыссыздардың бір-біріне тигізген ықпалын ассимиляция дейміз. Осы дыбыстар өзгеруінің тіл-тілде басты-басты екі түрі бар.

жасалуынан бұл фонема құлаққа келте естіледі. Сондықтан да ы фонемасы акустикалық жақтан қысаң дауыстылар тобына кіреді. Бұл фонема қазақ тілінде өте жиі кездесіп отыратын дыбыстардан саналады. Бірнеше дауыссыздан басталған не бірнеше дауыссызға біткен интернационалдық сөзде де не ол сөздің алдынан, не ортасынан, не аяғынан ы фонемасы дәнекер болып, жапсырылып отырады. Мысалы : тротуар – тыротуар, станция – ыстанция.

Ы фонемасы қазақ сөздерінің барлық буынында келе береді. Түбір сөзде де, қосымшалы сөзде де өте жиі кездесіп отырады. Ы фонемасы жұрнақтарда да кездеседі. Мысалы : қалалық, балалық. Сондай-ақ жалғауларда да кездеседі. Мысалы : ілік септікте - қаланың, табыс септікте – қаланы, тәуелдік жалғауда – қалаңыз, қаласы, жіктік жалғауда – колхозшысыз, барамыз.

Қазақ тілінде р, л дыбыстарынан басталатын сөздер өте сирек болғандықтан ауызекі тілде бұлардың алдынан жуан ы және жіңішке і селбесіп отырады. Мысалы : рахмет, лайық сөздері ырахмет, ылайық болып айтылады. Езу дауыстылардың тағы бір түрі – і фонемасы.

І – фонемасы ы дыбысының жіңішке сыңары. Бұл фонема тілдің артқа қарай жүйткүй арқылы жасалады. І – фонемасы сөз ішінде келуі , тәртібі жағынан да , интернационалдық сөздерде дәнекер қызметін атқарады. І фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында, ін, іс, аяғында келе береді : іні, түтін, бүтін т.б.

Түбір сөздерде алғашқы еріндік дауысты дыбыстардың әсерінен кейінгі буындағы і фонемасы айтылуда еріндік дауысты дыбысқа айналады. Мысалы : өрік, түтін, сөздері өрүк, түтүн болып айтылады.

ДИФТОНГОИД ДАУЫСТЫЛАР.

Қазіргі қазақ тілінде басқа түркі тілдері сияқты қосынды (дифтонгоид) дауыстылар бар. Осы дифтонгоид дауыстылар мыналар: у және и. Бұл

фонемалар қосынды дыбыстардың орнына жұмсалады. Мысалы: бу, буын-бүү, бұуын, ту, үу сияқты сөздерде у дыбысы үу дыбыстарының орнына қолданылады. Дауыссыз дыбыстан кейін келіп, дауысты фонемаға айналады. Сондай-ақ и қосынды жуан ый және қосынды жінішке йй дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: жиналыс, Иса, тиын сөздерінде и дифтонгоид дыбысы жуан ый дыбыстарының орнына қолданылып тұр. Сондай-ақ и фонемасы жінішке йй дыбыстарының орнына жұмсалады. Сондықтан бұл у және и дыбыстарын қосынды дыбыс немесе дифтонгоид дауыстылар деп атайды. Бұл дифтонгоид дауыстыларға тек қана екі сөз немесе ол сөзден өрбіген сөздер бағынбайды. Олар мыналар: сый, тый.

Тексеру сұрақтары:

1. Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері қандай?
2. Дыбыстардың акустикалық ерекшеліктері қандай?
3. Дифтонгоид дауыстылар туралы айт.

Тірек ұғымдар:

Дыбыс ырғағы – бір секунд ішіндегі дірілдің мөлшеріне байланысты құбылыс.

ДАУЫССЫЗДАРДЫҚ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Сабақтың жоспары:

1. Дауыссыздардың артикуляциялық ерекшеліктері туралы.
2. Үнді дауыссыздар туралы.
4. Қорытынды.

Әдебиеттер :

1. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» (лексика мен фонетика). Алматы, 1995 ж.
2. Б.Тайлақбаев «Қазақ тіліндегі салдыр шұғыл дауыссыздар», Алматы, 1981 ж.
3. С.Мырзабеков «Дыбыс жүйесі», Алматы, 1999 ж.

Дауысты дыбыстардың ерекшелігі сияқты

Сабақтың жоспары:

1. Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі туралы.
2. Буын үндестігі туралы.
3. Дыбыс үндестігі туралы.
4. Прогрессивтік ассимиляция туралы.
5. Регрессивтік ассимиляция туралы.
6. Қорытынды.

Әдебиеттер:

1. С.Мырзабеков «Дыбыс жүйесі» Алматы, 1999 ж.
2. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» (лексика мен фонетикасы), Алматы, 1995 ж.
3. С.Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы», Алматы, 1993, 1995 ж.

Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі фонетикалық құбылыс болып табылады. **Сөз ішіндегі не сөздер аралағындағы дыбыстардың дауыс қатысы және жасалу орнына қарай ішінара жапсарласып жанасуын дыбыстардың үндесуі дейміз**. Қазіргі қазақ тілінде сөз ішіндегі буындар дауысты және дауыссыз дыбыстардың ыңғайына қарай қиюласады. Дыбыстар үндесуінің түрлі болуына байланысты үндестік заңы да түр-түрге бөлінеді. Дыбыстардың үндесуі қазақ тілінде өзінің негізгі ерекшелігіне қарай екі топқа бөлінеді: 1. Буын үндестігі (сингармонизм үндестігі). 2. Дыбыс үндестігі (ассимиляция үндестігі).

Буын үндестігі (сингармонизм).

Сөз ішінде дауысты дыбыстардың бірыңғай не жуан, не жінішке үндесуін тіл ғылымында буын үндестігі (сингармонизм) дейді. Қазақ тіліндегі сингармонизм үндестігі негізінен мынадай жағдайларда келеді:

1. Түбір сөздің буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болып үстеледі. Мысалы: бал-балға, жол-жолға, тон-тонды.
3. Түбір сөздің соңғы буыны жінішке болса, оған қосылатын қосымша да жінішке түрде жалғанады. Мысалы: жер-жерге, іні-ініміз,

Тіркес екпін.

Дауыс екпіні бір сөзбен екінші сөздің жігін ажыратумен ғана емес, бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып отырады. Сондай-ақ тілімізде белгілі бір сөз тіркесі немесе сөз шумағы екпінге ие болады. Сөйтіп, оларда акцентуациялық комплекс жасалады. Ал мұндай екпінді фразалық (ритмикалық) немесе тіркес екпіні деп жүргізеді. Қазақ тілінде тіркес екпіні болатын сөз топтары мыналар: 1. Қос сөздер тіркес екпінге ие бола алады. Мысалы: бала-шаға, ығай-сығай, жөн-жосық.

2. Негізгі мағыналық сөздер мен шылау сөздер тіркес екпініне ие бола алады. Мысалы: үйге дейін, ол үшін, өзі ғана, мың қаралы.

3. Күрделі сөздер түйдегіркес екпінге ие болады. Мысалы: оқып отыр, ән салды, жығыла жаздады.

4. Анықтауыш пен анықталған сөздер тізбегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: биік үй, асқар тау.

5. Пысықтауыш пен баяндауыштан болған сөз тізбегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: кеше кеді, жақсы оқыды, қалада болды.

6. Идиома сөздер тізбегі тіркес екпіне ие болады. Мысалы: қабырғамен кеңес, сөз байла, тақсіретін тартты.

7. Жалғаусыз тура толықтауыш пен баяндауыштан болған сөз тізбегі тіркес екпінге ие болады. Мысалы: газет оқыды, хат жазды, кино көрді.

Тексеру сұрақтары.

1. Екпін дегеніміз не ?
2. Сөз екпіні дегеніміз не?
3. Тіркес екпіні дегеніміз не?

Тірек ұғымдар:

Екпін – фонетикалық құбылыс.

Екпін – сөз ішіндегі бір буынның күшті айтылуы.

ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСУІ .

дауыссыз дыбыстардың да негізгі мынадай қасиеттері болады:

1. Дауыссыз дыбыстар фонациялық ауаға (іштен шыққан ауаға) кедергіге ұшырап, тосқауылмен айтылады. 2. Тосқауылдан өту кезінде дыбыстау мүшелеріне күш түседі. 3. Фонациялық ауаның шығу арыны күштірек болады.

4. Дауыссыздар ән салуға келмейді. 5. Дауыссыздар буын құрай алмайды.

Дауыс шымылдығы жағынан дауысты дыбыстарға таяу дыбыстар - үнді фонемалар. Қазіргі қазақ тілінде мынадай 26 дауыссыз дыбыстар бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), һ, ф, х, ц, ч, ш, щ, қ, ң. Осы тізімдегі в, ф, х, ц, ч,-қазақ тіліне орыс тілі әсері арқылы енген фонемалар. Қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалар өзінің негізгі қызметіне қарай бғрнеше топқа бөлінеді. Олар негізінен мыналар : 1. Дауыссыз фонемалар дауыс қатысына қарай 3 топқа бөлінеді : 1) Үнді фонемалар (сонарлар): м, н, ң, р, л, (у), й. 2) Ұяң фонемалар : б, в, г, ғ, д, ж, з, һ. 3) Қатаң фонемалар : п, ф, с, т, ц, ч, ш, щ, к, қ, х . Сонар дыбыстарды үнді фонемалар деп атайды. Өйткені үнділерді айтқанда дауыс басым болады да, салдыр кем болады. Сондықтан үнді дауыссыздар деп атайды. Ал, ұяң және қатаң фонемаларды үнсіздер деп жүргізеді. Мұнда дауыс қатыспайды. Салдыр басым болады. Мәселен : ұяңдарды айтқанда дауыстан гөрі салдыр басым болады. Ал, қатаң дыбыстарды айтқанда дауыстың қатысы болмайды. Қатаң мен ұяңның дауыс қатысы жағынан айырмасы үш түрлі жолмен ажыратуға болады. Үнсіздердің бірін айтып жұтқыншаққа саусақты тигізгенде, аздап діріл пайда болса, ұяң дыбыс болады да, ондай діріл сезілмесе қатаң дыбыс болады. Сондай–ақ екі құлаққа екі саусақты қойып, үнсіз дыбыстардың бірін қаттырақ айтқанда жаңғырық естілсе ұяң дыбыс болады да, ондай жаңғырық естілмесе қатаң дыбыс болады. Сонымен бірге ауызға алақанның сыртын тосып, үнсіз дыбыстарды айтқанда ауа лебі қарқынды

шықса қатаң болады да, қарқынсыз шықса ұяң болады. Сондықтан қатаң дыбыстарды қарқынды немесе лепті фонема деп атайды да, ұяң дыбыстарды қарқынсыз немесе лепсіз фонема деп жүргізеді. 2. Дауыссыз фонемалар айтылу жолына қарай 2 топқа бөлінеді :

1)Шұғыл фонемалар (эксплозив). Оларға мынадай дыбыстар жатады : п, б, т, д, к, г, қ, ч, ц. 2) Сондай-ақ ызың фонемалар (фрикатив). Оған мынадай фонемалар жатады : ф, в, с, ғ, ш, щ, х, з, ж, һ . Осы дауыссыздардың айтылу жолына қарай бөлінетін топтарын үнсіздерге жатқызуға болады. Сондықтан да айтылу жолына қарай үнсіздердің бір тобын шұғыл, бір тобын ызың деп ажыратуға болады. Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелерінің өзара біріне-бірі жабысып (имплозия) , содан соң іле-шала кілт ажырап кетуінен (эксплозия) фонациялық ауа лық етіп шұғыл үзіліп шығады. Осындай фонемаларды шұғыл немесе үзілмелі, сондай-ақ жабысыңқы фонемалар деп атайды. Ал, ызың (фрикатив) фонемаларды айтқанда дыбысталу мүшелерінің жуысуынан фонациялық ауа шұғыл шықпайды. Керісінше, үзіліп, ызыңдап шығады. Осыған орай дыбыс пайда болады. Ауаның осылай шығуынан пайда болған фонемаларды ызың, сүзілмелі немесе жуысыңқы фонемалар дейді.

Шұғыл фонемаларды айтқанда ауа үзіліп шыққандықтан бұларды үздікті деуге де болады. Ал, ызың фонемаларды айтқанда ауа үзілмей шыққандықтан бұларды үздіксіз фонемалар деп айтуға болады.

3. Жасалу немесе артикуляциялық орнына қарай дауыссыз фонемаларды 8 топқа бөлуге болады. Олар негізінен мыналар:

1. Ерін фонемалары (билабиаль). Олар : п, б, м, (у).
2. Тіс пен ерін фонемалары (лабиаль-денталь)—ф, в.
3. Тіс фонемалары (денталь) : т, с, з, д, ц.
4. Тіл ұшы фонемалары (альвеоляр) : н, л, ч.
5. Тіл алды фонемалары (палатоль) : р, ш, ж, й, щ.
6. Тіл ортасы фонемалары (преполаталь) : к, г.

кей тілде, көбінесе екпіні тиянақсыз тілдерде сөздің морфологиялық мағынасын айқындап тұрады. Осы қасиеттеріне қарай лебізді екпін екі түрлі жағдайды аңғартады. Яғни мағына айқындаушы екпін және сөз айқындаушы екпін болып бөлінеді. Мысалы: орыс тіліндегі сөздерге екпіндер мағына айқындайды: за'мок - замо'к, мука' –му' ка.

Қазақ тілінде мұндай қасиетжоқ. Қазақ тілінің екпіні сөз ішінде соңғы

буындарда болады. Сондықтан да қазақ тілінің екпіні сөз және сөз аралығында болу ерекшелігіне қарай үлкен – үлкен екі топқа бөлінеді:1. Сөз екпіні. 2. Тіркес екпіні.

СӨЗ ЕКПІНІ.

Сөз екпіні болуының негізгі себебі екпін сөз ішінде болатындықтан және сөз

соңында кездесетіндіктен сөз екпіні деп аталады.

Қазақ тіліндегі екпін басқа түркі тілдеріндегі екпін тәрізді сөздің көбінесе

соңғы буынында болады. Екі немесе үш буынды сөздер не көп буынды сөздердің бір буыны негізгі екпінге ие болады да, қалған буындарына екпін түспейді. Мысалы: шағала, кереге. Екпіннің сөз ішінде келуіне қарай оларды екі топқа бөлуге болады. 1.Негізгі екпін. 2.Көмекші екпін.

Қазақ тіліндегі негізгі екпі қосымшада болады. Яғни қосымшалы сөздер

негізгі екпінге ие болады. Ал, көмекші екпін негізгі түбір сөзде болады. Мысалы:о-рақ, о-рақ-шы-лар. Алғашқы буындағы екпін көмекші екпін болады.Кейінгі буындағы (лар) екпін негізгі екпін болады. Қазақ тіліндегі қосымшалардың көпшілігі екпінді өз бойына тартып алады. Көптік, септік, тәуелдік жалғаулары екпінді болып келеді де, жіктік жалғаулы екпінсіз болады. Мысалы:оқушылар, мұғалімдер дегенде екпін көптік жалғауына түседі. Оқушыға, мұғалімге дегенде екпін септік жалғауына түседі. Сондай-ақ, менің студентім, сенің студентің, оның інісі дегенде екпін тәуелдік жалғауына түсіп тұр. Ал, мен оқушымын, сен студентсің, сіз мұғалімсіз дегенде екпін жіктік жалғауына түспейді.

1. Қазақ тілінің екпін категориясы жайлы
2. Екпінділердің түрлері туралы.
2. Сөз екпіні туралы.
3. Тіркес екпіні жайлы.

Әдебиеттер:

1. С.Мырзабеков «Дыбыс жүйесі» Алматы, 1999 ж.
2. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі»(лексика мен фонетика), Алматы, 1995 ж.
3. С.Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы», Алматы, 1993,1995 ж.

Сөздерді айтқанда, сөздегі буындардың (дауысты дыбыстардың) бәрі бірдей бір қалыпта айтылмай біреуі басқалардан ерекше қарқынмен, күшпен айтылады. Осындай сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп, күшті айтылуын екпін дейміз.

Тілдегі екпіндер негізінен екі топқа бөлінеді:

- 1.Лебізді, динамикалық екпін. Фонациялық ауаның қарқынымен байланысты

болған құбылысты лебізді немесе динамикалық екпін дейміз.

- 2.Үнді не тоникальды екпін. Дауыс ырғағымен байланыстырылған

құбылыспен үнді не тоникальды екпін дейді. Қазақ тілінің екпіні лебізді екпін тобына кіреді. Лебізді екпінге ие тілдер екпіннің келу шартына қарай екі топқа бөлінеді:

1. Екпіні тиянақты тілдер.
2. Екпіні тиянақсыз тілдер.

Қазақ тілінің екпіні бірінші топқа кіреді. Екпіні тиянақты тілдерде екпін сөздің

үнемі арнаулы буынына түседі. Ал екпіні тиянақсыз тілдерде екпін сөздің арнаулы буынына түспейді. Сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратудың басты бір өлшемі дауыс екпіні болып табылады. Дауыс екпінін ғылыми тілде акцентуация дейді. Лебізді екпін

7. Тіл арты фонемалары (веляр) : қ, ғ, ң, х.

8. Көмей фонемасы (фарингаль) : һ.

Сонымен үнсіздер туралы мынадай қорытынды пікір айтуға болады. Аздап

дірілі, жаңғырығы бар қарқынсыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар деп атайды. Ал, жаңғырығы жоқ, қарқыны күшті дауыссыздар қатаң дауыссыздар деп аталады.

ҮНДІ ДАУЫССЫЗДАР

Үнді дауыссыздар деп аздап үні бар фонемаларды айтады. Аздап үні бар деген сөз үнді дауыссыздардың дауысты дыбыстарға жататындығын көрсетеді. Сондықтан да үнді дауыссыздар – дауысты дыбыстарға жақын дыбыстар. Осы дыбыстарға жеке-жеке талдау жасайық. Үнді дауыссыздарға р фонемасы кіреді. Р фонемасы тіл ұшы альвеольға нық тиіп, фонациялық ауа өте қарқынды шығу рақылы жасалады. Сөз ортасында р фонемасы бір рет дірілдейді де, ол сөз аяғында екі рет дірілдейді. Сондықтан да бұл фонеманы вирациялық (діріл) дыбыс деп атайды.

Р фонемасы сөз басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Мысалы: рахмет, Жарас, қарар . Сондай-ақ, рас, рахмет, рай, рет, рұқсат сөздерінің алдында ы,і және ұ дыбыстары селбесіп айтылады. Мысалы: рахмет-ырахмет, рас-ырас, т.б., яғни өзге тілден ауысқан сөздердің р-дан басталуға тиісті сөздерінің алдынан ы немесе і дыбыстары қосылып, протеза жасалып отырылады. Ал, орыс тілі арқылы енген сөздерге р фонемасы сол күйінде айтылып, жазылады. Мысалы : ракета- ракета т.б..

Үнді дауыссыздарға л фонемасы да кіреді.

Л фонемасын айтқанда тіл ұшы альвеольға бір тегіс, кесекөлденендеп тиеді. Осы дыбысты айтқанда имплозия басым болуы себепті фонациялық ауа тілдің екі жағын ала шығады. Сондықтан да л фонемасын олтераль (бүйір) фонемасы деп жүргізеді. Қазақ тілінде бұл фонеманың көп ұшырайтын жері – сөз ортасы мен сөз аяғы. Ал, сөз басында сирек кездеседі. Мысалы: лас, лай, лақ, лашын, сала т.б.

Л фонемасы септік жалғауларында кездеседі.
Мысалы:

ілік септік : бұның, соның,
барыс септік: бұған, соны,
табыс септік: бұны, соны,
Жатыс септіп: бұнда, сонда. Сондай-ақ

бұл сілтеу есімдіктері
жоғарыда айтқандай түрліше септеледі екен. Л фонемасы анықталғыш сөз алдында да кездеседі. Мысалы: ол-кісі, бұл-кісі, сол-кісі. Ал, ауызекі тілде кей уақыт: ол, бол сияқты етіктердің соңғы л дыбысы түсіріліп қалып, алсайшы, болсайшы деудің орнына асайшы, босайшы деп л түсіп қалып айтылады.

Үнді фонемаға й дыбыс да кіреді. Й фонемасы тғы таңдайға жүйткеуінен пайда болады. Бұл фонеманы айтқанда екі дыбыстау мүшеміз өзге дауыссыздардай ыр-біріне жуысып та, жабысып та айтылмайды.

Қазақ тілінде й фонемасы үнемі дауысты дыбыстан кейін келеді. Сондықтан да сөз аяғында кездеседі. Мысалы : той, сай, бай, қой. Сөз ортасында сый және тый сөздерінен өрбіген тыйым, сыйым сөздерде ғана ұшырайды. Түркі тілдерінің қазақ тілінен айырмашылығы сөз басындағы й үнемі ж-ға айналып отырады. Яман-жаман, йуқ- жоқ. Сондай-ақ й фонемасы түбір сөзде де, туынды сөзде де келе береді. Мысалы: ай, әй, ой, өй смяқты дыбыс комплексі қазақ тілінде заңды қағида болып келеді. Й фонемасы дауысты дыбыстың алдынан келсе көрінген дауыстымен көрші рұра алмайды.

Иа, йе тәрізді комплекстер тілімізде жиі ұшырайды. Мысалы : таяқ, саяқ, дайын. Сондай-ақ ұй, үй комплексі тым сирек ұшырайды, мысалы: абрұйыр, әбүйір т.б.

Үнді фонемаларға у дыбысы да кіреді. У фонемасы интервокаль позицияда және ашық дауыстыдан кейін де, бұрын да тұрып, таза үнді болады. Бұл үнді у фонемасы екі еріннің азын-аулақ дөңгелене

алғашқы буынның соңғы дауыссызы кейінгі буынға жылысады. Мысалы: жоқ-алт – жо+ғалт, формуласы төмендегідей: ВАВ+АВВ – ВА+ВАВВ. Яғни бітеу + тұйықбуын –ашық+бітеу буын. Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, төмендегідей тұжырымдауға келуге болады. Дауыстыға біткен буынға дауыстыдан басталған буын жалғанша, алғашқы дауысты дыбыс түсіп қалады. Мұны біз буын ығысуы дейміз. Сондай-ақ кей буындарға екі дауысты тұйық буын, ал кей буындарға үш дыбысты тұйық буын жалғанса, алғашқы буынның соңғы дауыссызы да , кейінгі буынға сырғиды.

1. Мұны біз буын жылысуы деп атаймыз. Мысалы: Е, солай ма? Па, шіркін: дегенде бір дыбыстың өзі немесе дауыссыз бен дауыстының өзі буын ретінде қолданылып тұрады.

2. Бір буынды сөздер тұйық буыннан жасалады. Мысалы: ат, от, ар т.б.

3. Бір буынды сөздер бітеу буыннан жасалады. Мысалы: бал, көл, көк т.б.

4. Екі және көп буынды сөздер түбір тұлғада кездеседі. Мысалы: ата, ана, жа-рық т.б.

5. Қосымша тұлғалы сөздерде кездеседі. Мысалы: атты, аттарға, орақшыларымыздың т.б.

6. Екі және көп буынды сөздер қос сөздерден де жасалады. Мысалы: әп-әдемі, пай-пай, түйе-мүйе.

Тексеру сұрақтары.

1. Буын дегеніміз не ?
2. Буынның қандай түрлері бар?
3. Буынның алмасуы туралы айт.

Тірек ұғымдар:

Буын алмасуы – сөз ішіндегі бір буын мен екінші буынның бір-біріне жылысуы болып табылады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕКПІН КАТЕГОРИЯСЫ.

Сабақтың жоспары:

буын алмасуы дейді. Қазақ тілінде тек қана жалаң ашық буын жинақты келеді де, қандай буынның болса да ықпалына көнбей, оқшау тұра алады.

1. Жалаң ашық буын сөздің дәл басында тұрады да, онан кейінгі буынның қай-қайсысы болса да онымен жартылай да, түгелдей де алмаса алмайды. Сондай-ақ жалаң ашық буын тұрақты келуіне орай басқа буындармен кірікпейді де, жылжымайды да. Мысалы: ал-ла, і-лім т.б.

2. Жалаң ашық буын өз алдына жеке сөз ретінде айтылып, одан кейінгі буынның қандайыннан болса да пауза арқылы бөлінгендіктен ешбір өзгеріске көнбей оқшауланып тұрып айтылады. Мысалы: Е, өзің барсайшы! А, айтайық дейсің бе?.

Сондай-ақ басқа буындар мынадай төрт түрлі жағдайда бір-біріне алмасып отырады. Олар мыналар:

1. Екі дыбысты ашық буындардан соң жалаң ашық буын немесе тұйық буын келсе қатар тұрған екі дауыстының алғашқысып түсіп, буын ықшамдалып қалады. Мысалы: торы ала-торала (то-ра-ла).

2. Жалаң ашық буыны екі дыбысты тұйық буыннан кейін келсе, дауыссыз дыбыс кейінгі буынға сырғып кетеді. Мысалы: ат-ы, а-ты. Яғни бұл буын алмасуын төмендегінше түсіндіруге болады. Тұйық буын + жалаң буын – жалаң буын + ашық буын. Бұл құбылыстың формуласы төмендегідей болады: АВ+А-А-ВА. Яғни тұйық буын + тұйық буын – жалаң буын+бітеу буын.

3. Екі дыбысты тұйық буын сол тұйық буыннан кейін келсе, алғашқы буынның дауыссызы кейінгі буынға сырғиды. Мысалы: ат-ақ-а-тақ. Мұның формуласы төмендегідей: АВ+АВ-А+ВАВ. Яғни тұйық буын+тұйық буын – жалаң буын + бітеу буын.

4. Үш дыбысты тұйық буын үш дыбысты бітеу буыннан кейін келсе,

келіп, сүйірленуінен пайда болады. Сондықтан бұл фонема ерін үнділеріне кіреді.

У фонемасының негізінен мынадай ерекшеліктері бар, ол төмендегідей позицияда келгенде дауыссыз, үнді фонемаға айналады:

1. У фонемасы дауыстының алдында тұрғанда үндіге айналады. Мысалы: уақыт, уәде, уәзір т. б.

2. У дыбысы екі дауыстының ортасында келгенде үндіге айналады. Мысалы: жауап, сауап, қауіп т.б.

3. У дыбысы дауыстыдан кейін келгенде үндіге айналады. Мысалы: тау, бау, сау, жеу т.б.

У фонемасы сөз басында, ортасында және соңында келе береді. Осы у фонемасын айтқанда фонациялық ауа ауыз қуысы рақылы шығады. Сондықтан у фонемасы және р, л, й дауыссыздары ауыз жолды үнділер деп аталады.

Үнді фонемаларға н фонемасы да жатады.

Н фонемасы тіл ұшы альвеольға тию арқылы жасалады. Бұл екі мүшенің бір-біріне нық тиюі арқылы фонациялық ауа мұрын қуысы бойынша өтеді.сондықтан н дыбысы мұрын жолды үнді деп аталады. Қазақ тілінде н фонемасы сөз басында, ортасында және сөз аяғында кездесе береді. Мысалы: ңаң, наз, намыс, Анар, Жанар т.б.

Н фонемасы ілік септікте кездеседі. Және табыс, шығыс, көмектес септіктерінде де кездеседі. Мысалы: баланың, баланы, баладан, баламен, күннен, іннен т.б..

Үнді фонемалардың тағы бір түрі – М дыбысы.

М фонемасын айтқанда екі ерін бір-біріне нық тиіп, жымдасады. Фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан бұл фонеманы мұрын жолды үнді дейді. Бұл фонема да қазақ сөздерінің барлық жерлерінде басында, ортасында, соңында кездесе береді. Мысалы: мұрын, мол, намыс т.б.

М фонемасы жұрнақтарда да, шылау сөздерде де, жалғауларда да кездесе береді. Мысалы:

Тәуелдік жалғауы: балам, үнім, күнім т.б.

Жіктік жалғауы: баламын, адаммын т.б.

Көмектес септікте: баламен, қармен, адаммен т.б.

Үнді фонемалардың соңғысы Ң дыбысы.

Ң дыбысы тіл арты тандайға нық тиюі арқалы жасалады. Кішкене тіл төмен түсіп, ауыз жолын кептеп тұрғандықтан фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан мұрын жолды дейді. Ң фонемасы сөз іші мен сөз соңында ғана кездеседі. Мысалы: маңай, маңдай, аңқай т.б.

Тексеру сұрақтары:

1. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін айт.
2. Үнді дауыссыздарға қандай дыбыстар жатады?

Тірек ұғымдар:

Үнді дауыссыздар – аздап үні бар фонемалар болып табылады.

ЭКСПЛОЗИВ, ФРИКАТИВ ФОНМАЛАР.

Сабақтың жоспары:

1. Эксплозив фонемалар туралы.
2. Фрикатив фонемалар туралы.
3. Аффрикат дыбыстар туралы.
4. Қоратынды.

Әдебиеттер:

1. Мырзабеков С. Дыбыс жүйесі. Алматы 1999 ж.
2. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика мен фонетика) Алматы 1995 ж.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонтикасы. Алматы 1993, 1995 ж.

Эксплозив фонемалар (шұғыл дауыссыздар). Шұғыл дауыссыздар деп дыбыстау мүшелерінің өзара біріне – бірі жабысып, кілт ажырап кетуінен пайда болған дауыссыздарды айтамыз. Шұғыл фонеманың басты түрі-б, п дыбастары. Бұл б, п фонемалары екі еріннің бір-біріне нық тиіп, сонан соң бірден кілт ашылып кетуінен жасалады. Бұл екі фонеманың негізгі айырмасы мынадай: б-ұяң фонема, ал п-фонемасы қатаң. Б фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі, ал сөз аяғанда бұл фонема мүлде

Қазіргі қазақ тіліндегі ашық буындар буын ішіндегі дыбыстардың қатысуына қарай оның құрамы төмендегідей болып келеді: 1. Бір дауысты дыбыстың жалғыз өзі тұрып-ақ ашық буын жасай алады. Мысалы: а-на, а-ға. Қатарынан келген екі дыбыстың алдыңғысы дауыссыз, соңғысы дауысты болып та ашық буын жасай алады. Мысалы: ә-ли, а-ла, е-кі. Ашық буынның жалаң түрі өз алдына жеке тұрып та сөз бола алады.

Тұйық буын.

Тұйық буын деп - дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен буынды айтады. Мысалы: ат, іс, өрт т.б. Тұйық буынның негізгі өзіндік белгілері мыналар: 1. Тұйық буын екі дыбысты болып келеді. Мысалы: ат, іс, өрт т.б. 2. Тұйық буын үш дыбысты болып келеді. Мысалы: ұлт, ант т.б.

Сондай-ақ тұйық буын өз алдына сөз болып және бірнеше буынды сөздің басында кездесін отырады.

Бітеу буын.

Бітеу буын деп - ортасы дауысты болып, екі шеті дауыссыз болатын буынды айтамыз. Мысалы: тас, жол, тіс, көл, мол, көз т.б. Бітеу буынның негізгі өзіндік белгілері төмендегілер:

1. Бітеу буын үш дыбысты болып келеді. Мысалы: тіс, көл, мол т.б.
2. Бітеу буын төрт дыбысты болып келеді. Мысалы: бұлт, жалт, жұлт, сарт т.б.

Ал төрт дыбысты болып келген бітеу буынның соңғы дыбысы қатаң болып, қатаңның алдында үнді тұрады. Бітеу буын өз алдына сөз болып, бірнеше буынды сөздің басында да, соңында да кездесе береді. Мысалы: бірліктің, ұлттардың.

Буынның алмасуы.

Сөйлеу процесінде бір дыбыс екінші дыбыспен, бір буын екінші буынмен, бір сөз екінші сөзбен ұштасып отырады. Сондықтан буындар өзара бірімен-бірі алмасып, кейде бір буынның жігі ажырап, екінші буынның дыбыс саны көбейіп отырады. **Сөз ішіндегі бір буын мен екінші буынның бір-біріне жылысуын**

дыбысы да, бір түрлі болып келген қақ, тұт сияқты сөздердін алғашқы дыбыстары күшті, айқын айтылады да, соңғы дыбыстары әлсіз, осал айтылады. Егер сөз ішінде немесе сөз аралығында импловизив дыбыстар мен экспловизив дыбыстар қатар келсе, бұл екеуінің түйіскен жерінен буын жігі пайда болады. мысалы: көк-ке, ап-пақ, тәтті, тәт-ті алып бер - алып пер. осы мысалдарда көпсетілген қатар тұрған біркелкі дыбыстардың алдынғысы импловизив, кейінгісі экспловизив дыбыс болады.

Яғни импловизив дыбыс-буынды аяқтаушы дыбыс. Экспловизив дыбыс-буынды бастаушы дыбыс. Осы сыяқты үндестік заңында да, біркелкі дыбыстар үнемі қатар тұра алады. Мысалы: қаққа, аққа, текке, жуан т.б. Сөздің жуан, жіңішке болуы буынмен байланысты болады. Ал, буынның жуан-жіңішке болуы дауысты дыбыспен байланысты келеді. Дауысты дыбыс жуан болса, буын да жуан болады, ал, жіңішке болса, буын да жіңішке болады. Жуан және жіңішке болып келетін жұп-жұбымен айтылатын дыбыстар мыналар: а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү;

Тек э дыбысының ғана жуан сыңары болмайды. Дифтонгоид дауыстылар алфавитте бір әріппен белгіленген. Бұлардың жуанына бір әріп , ал жіңішкесіне бір әріп белгіленбей, екеуіне бір әріп белгіленген. Олар и және у әріптері. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздерің буын ішіндегі дыбыстардың саны негізінен, төрт түрлі болып келеді.

1. Бір дыбысты буын. Мысалы: о-қы, ү-кі, а-на.
2. Екі дыбысты буын. Мысалы: ба-ла, үй, ас.
3. Үш дыбысты буын. Мысалы: ант, ұлт, арт.
4. Төрт дыбысты буын. Мысалы: қарт, жалт.

Буынның түрлері.

Қазақ тіліндегі буынның түрлері дауыстылар мен дауыссыздардың орын тәртібіне қарап үш топқа бөлінеді. 1. Ашық буын. 2. Тұйық буын. 3. Бітеу буын.

Ашық буын.

Ашық буын деп - дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға біткен буынды айтамыз. Мысалы: а-на, ә-ке, і-ні, ә-же т.б.

кездеспейді. Мысалы: бала, балық, бөбек, бауыр, табан, табыс т.б. Сөзде сөз басында және сөз ортасында келіп тұр. Ал, п фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында және аяғында кездеседі. Мысалы: пән, парасат, балапан, шопан т.б. деген сөздерде п фонемасы сөздердің басында, ортасында, аяғында келіп тұр. Орыс тілі арқалы енген сөздерде б фонемасы сөз аяғында кездесе береді. Мысалы: клуб, штаб деген сөздерде сөз соңында келеді де, айтылуда б дыбысы п дыбысына айналып естіледі. Сондай-ақ п дыбысына біткен етістік сөздерді көсемшенің –ып, іп тұлғасына айналдырсақ, түбірдегі п дыбысы у дыбысына айналып айтылады. Мысалы: тап-тауып, теп-теуіп, жап-жауып т.б.

Шұғыл фонемалардың тағы бір түрі -д, т фонемалары. Бұл д, т фонемалары тіл ұшы күрек тістің ішкі жағына нық тиіп, содан соң бұл екі мүшенің кілт ашылып кетуінен жасалады. Сондықтан бұл екі дыбыс та импловизия және экспловизия арқылы жасалады. Бұл д, т фонемаларының негізгі айырмашылғы д дыбысының ұяң болуы мен т дыбысының қатаң болуында. Осы д фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі де, сөз соңында кездеспейді. Мысалы: дауыл, дала, қадам, адам т.б. кейбір қала аттарында д дыбысы сөз соңында келеді. Мысалы: Ашхабад, Самарқанд т.б.

Ал, т фонемасы сөздердің басында, ортасында, аяғында кездеседі. Мысалы: табақ, табыс, атақ, жатақ, сут, ат деген сөздерде сөз басында, ортасында және аяғында кездеседі. Бұл д, т фонемалары қосымшаларда да жиі ұшырап отырады. Мысалы: Ілік септігі: қаздың, аттың,

Табыс септігі: қазды, атты,

Жатыс септігі: қазда, атта,

Шығыс септігі: қаздан, аттан.

Д, т фонемалары жіктік жалғауында да кездеседі. Мысалы: көрдім, өттім. Сонымен бірге көптік жалғауларында да ұшырайды. Мысалы: адамдар, хаттар. Шұғыл фонемалардың тағы бір түрі – г, к фонемалары.

Г, к фонемалары тілдің орта шені таңдайдың орта шеніне нық тиіп, көкке тәрізді дыбыстар қатар келсе, алғашқы к дыбысы имплозия болады да, кейінгі к дыбысы имплозия болмайды. Бұл екі к дыбысын созылыңқы айтылып тұрған бір-ақ фонема деп түсінуіміз керек. Бұл тәрізді қасиет өзге шұғыл фонемаларда да кездеседі. Осы г, к фонемасының негізгі айырмасы дауыс қатысына байланысты болады: г ұяң дыбыс та, к қатаң дыбыс. Қазақ тілінде бұл екеуі де тек дауыстылардың жіңішкелерімен ғана қатар тұра алады. К, ә - Кәрім, к, е-керек, к, і-кілт т.б. Бұл г фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі мұнда мүлде кездеспейді. Мысалы: гул, бүгін, Гүлсім, Айгүл. Бұл сөздерде сөз басында және сөз ортасында кездесіп тұр. Ал к фонемасы сөз басында, ортасында және аяғында кездесе береді. Мысалы: көл, көз, көктем, әке, көк дегенде сөз басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Осы г, к фонемасы кейбір жұрнақтарда және жалғауларда кездесіп отырады. Мысалы: барыс септігінде кездеседі үйге, көлге, бетке, шөпке. Сондай-ақ жіктік қосымшаларында кездеседі. Мысалы: келдік, жүрдік т.б. Шұғыл фонемалардың тағы бір түрі – қ дыбысы. Осы қ фонемасы тілдің артқы шені таңдайдың артқы шеніне нық тиіп сонан соң бұл екі мүшенің бірден ажырап кетуі арқылы жасалады.

Қ фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Мысалы: қол, бағыт, қанат, ақын, ақыл, халық, тарақ. таңдайдың артқы жағына жуықтау арқылы жасалады. Ғ дыбысы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі де, соңында кездеспейді. Мысалы: ғажап, жаға, қоға дегенде сөз басы мен ортасында кездесіп тұр.

Ызың фонеманың тағы бір түрі - һ фонемасы. Бұл көмей арқылы жасалатын бірден бір фонема. Осы фонеманы айтқанда дауыс шымылдығы өзара өте жуық тұрады. Соның нәтижесінде діріл болмайды. Іштен шыққан ауа сүзіліп шығады. Бұл фонема сөз ортасында және сөз аяғында кездеседі. Мысалы: Гауһар, қаһарман,

аһ, уһ деген одағай сөз соңында кездесіп тұр.

Тексеру сұрақтары:

1. Эксплозив фонемалар дегеніміз не?
2. Фрикатив фонемалар дегеніміз не?
3. Аффрикат дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?

Тірек ұғымдар:

Эксплозив фонема – шұғыл дауыссыздар.

Аффрикат - бұлар қос фонема элементтерінен тұратын дыбыстар.

БУЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ. (Оның алмасуы мен құрамы).

3

1. Буын туралы түсінік.
2. Буынның түрлері туралы.
3. Ашық буын туралы.
4. Бітеу буын туралы.
5. Тұйық буын туралы.
6. Қорытынды.

Әдебиеттер:

1. С. Мырзабеков «Дыбыс жүйесі», Алматы, 1999 ж.
2. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» (лексика мен фонетика), Алматы, 1995 ж.
4. С. Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы» Алматы, 1995 ж.

Қазіргі қазақ тілінің буын мәселесі фонетикалық категория. Сондықтан буынға ерекше мән беру керек.

Буын деп фонациялық ауаның қарқынмен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын айтамыз. Әр буында бірден артық дауысты фонема болмайтындықтан, сөз ішінде неше дауысты фонема болса, сонша буын болады. Буын ішіндегі дауыссыздардың экспирациялық күшіне қарай, яғни айтылуына қарай күшті бас дыбыс және күшті соңғы дыбыс болады. мысалы: буынның бас дыбысы да, соңғы